

Абай облысы Бесқарағай ауданы Баскөл ауылдық округінің Қарағайлы ауылына қарасты "Котлаван" мал шаруашылық жайылым мекеніне шектеу іс-шараларын орнату туралы

Күшін жойған

Абай облысы Бесқарағай ауданы Баскөл ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 23 тамыздағы № 5 шешімі. Күші жойылды - Абай облысы Бесқарағай ауданы Баскөл ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 11 қазандағы № 6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Бесқарағай ауданы Баскөл ауылдық округі әкімінің 11.10.2022 № 6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Бесқарағай аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2022 жылғы 22 тамыздағы №198 ұсынысы негізінде ШЕШТІ:

1. Мүйізді ірі қара мал табынынан құтырма ауруының шығуына байланысты, Абай облысы Бесқарағай ауданы Баскөл ауылдық округінің Қарағайлы ауылына қарасты "Котлаван" мал шаруашылық жайылым мекеніне шектеу іс-шаралары орнатылсын.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Баскөл ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы

Л. Шарипканова